**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 желтоқсандағы N 1330 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 21 мамыр N 611

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Әуе кемелерін сатып алу" жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 желтоқсандағы N 1330 P981330_ қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қазақстан Республикасының 1996-1998 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1388 P981388_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы , 1998 ж., N 50, 475-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 1996-1998 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының 3-қосымшасында:

реттік нөмірі 15-жол алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған қаулының негізінде берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін жойсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК